

Бекітемін:

Сарыөзен негізгі орта мектебінің
Директоры м.а
М.Е. Байжуманова



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 – 2026 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Сарыөзен негізгі орта мектебінің жанындағы «Еркетай» шағын орталығы

Тобы: «Еркетай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы 2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене тәрбиесі	-Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. -Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; -Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; -Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет);
	Тіл дамыту	-Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту; -Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. -Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. -Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.
	Көркем әдебиет	-Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып. -Ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.

	-Шешендікке, сөз өнеріне баулу. -Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.
Қазақ тілі	Педагог жоспары бойынша
Математика негіздері	-Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. -Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру: -Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жінішке сын есімдермен белгілеу. - Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.
Қоршаған әлеммен таныстыру	-Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. -Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. -Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. -Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту.
Құрастыру	-Қағаздан құрастыруға үйрету: -Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу. -Бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру; «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.
Сурет салу	-Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, -Элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. -Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. -Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.
Мүсіндеу	-Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру: -Ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. -Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. -Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.

	Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру	-Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. -Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. -Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. -Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.
Музыка	-Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. -Таныс әндерді орындау. -Балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. -Ережесін білу, үйрену